

З.А. Бакирова¹ *

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Аңдатпа

Мақалада магистранттардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Автор ғылыми педагогикалық, психологиялық, арнайы әдебиеттерді талдай келе, «цифрлық құзыреттілік» ұғымының мәнін ашуға тырысады. Ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, автор магистранттардың цифрлық құзыреттілігінің құрылымын ұсынады.

Зерттеудің мақсатына сәйкес магистранттардың цифрлық құзыреттілігінің құрылымын анықтау үшін түрлі көзқарастар мен ұстанымдар сараланды, соның ішінде цифрлық құзыреттілік – цифрлық технологияларды пайдалану саласындағы әртүрлі мәселелерді шешу қабілеттері деп түйіндесек болады, яғни ақпаратты іздеу мен бөлісуді, сұрақтарға жауаптарды, басқа адамдармен өзара әрекеттесуді және компьютерлік бағдарламалауды қоса алғанда, цифрлық технологияларды пайдалана отырып мазмұнды пайдалану және жасау. Цифрлық құзыреттілік цифрлық ынтымақтастық, қауіпсіздік және мәселелерді шешу қабілетін қамтиды. Сонымен қатар, цифрлық құзыреттілік өз құрылымында білім, білік, дағдыны кіріктіретін, жалпы және нақты қажет ақпаратпен жұмыс жасауда цифрлық ресурстарды тиімді таңдау мен пайдалану қабілеті құрайтыны анықталды.

Түйін сөздер: цифрлық құзыреттілік, цифрлық құзыреттілік құрылымы, магистрант, ұстаным, білімалушылар.

Бакирова З.А. *¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

СТРУКТУРА ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ МАГИСТРАНТОВ

Аннотация

В статье рассматривается проблема формирования цифровой компетентности магистрантов. Автор, анализируя научно-педагогическую, психологическую, специальную литературу, попыталась раскрыть сущность понятия "цифровая компетентность".

На основе анализа научной литературы, автор представляет структуру цифровой компетентности магистрантов. В соответствии с целью исследования были дифференцированы различные подходы и позиции для определения структуры цифровой компетентности магистрантов, где цифровая компетентность понимается как способность решать различные задачи в области использования цифровых технологий, то есть использование и создание контента с использованием цифровых технологий, включая поиск и обмен информацией, ответы на вопросы, взаимодействие с другими людьми и компьютерное программирование. Также цифровая компетентность включает в себя цифровое сотрудничество, безопасность и способность решать проблемы. В то же время было установлено, что цифровая компетентность формирует в своей структуре способность эффективно выбирать и использовать цифровые ресурсы при работе с информацией, которая объединяет знания, навыки и потребности в целом и в частности.

Ключевые слова: цифровая компетентность, структура цифровой компетентности, магистрант, позиция, обучающиеся.

Bakirova Z. *¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

THE STRUCTURE OF DIGITAL COMPETENCIES OF UNDERGRADUATES

Abstract

The article discusses the issue of the formation of digital competence of undergraduates. The author, analyzing scientific pedagogical, psychological, special literature, tries to reveal the essence of the concept of "digital competence". Based on the scientific literature, the author presents the structure of digital competence of undergraduates.

In accordance with the purpose of the study, various approaches and positions were differentiated to determine the structure of digital competence of undergraduates, including digital competence – the ability to solve various problems in the

field of using digital technologies, that is, the use and creation of content using digital technologies, including the search and sharing of information, answers to questions, interaction with other people and computer programming. Digital competence includes digital collaboration, security, and the ability to solve problems. At the same time, it was found that digital competence forms in its structure the ability to effectively select and use digital resources in working with information that integrates knowledge, skills, and needs in general and specifically.

Keywords: digital competence, the structure of digital competence, undergraduate, position, students.

Кіріспе. Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаев 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазақстан цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерін еселей түсуге тиіс. Қазақстан жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологияларды дамытып жатқан елге айналуға тиіс. Бұл – Үкіметтің басты міндетінің бірі» екендігін атап айтты [1].

Аталмыш міндетті шешуге байланысты білім беру саласында оқыту процесін цифрландыруға басты назар аударып отыр. Бұл өз кезегінде әртүрлі факторлармен, оның ішінде мемлекеттің бірқатар стратегиялық құжаттарымен, заңнамалық актілердің қабылдануымен, сонымен бірге білім беру стандарттарымен байланысты. Цифрлық кезеңде мұғалім-оқытушының цифрлық, мобильдік технологиялары саласынан білім, біліктері сыналып, цифрлық құзыреттілігі өзекті болып отырғандығы ақиқат.

Бүгінгі таңда мұғалімге қойылатын басты талаптардың бірі цифрлық құзыреттілікке ие болуы. Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, цифрлық құзыреттілік – мұғалімнің заманауи білім беру технологияларын қолданудағы тиімділікті анықтап қана қоймайды, сонымен бірге цифрлық дәуірде білімалушылардың сыни ойлауына және жаңашылдық көп орын алып жатқан ақпараттық ортаға бейімделуіне де әсер етеді. Сондықтан жоғары оқу орнындағы білім беру процесі осыған негізделуі керек, яғни оқыту сапасын арттыру, сұранысқа ие және білікті мамандарды даярлау. Оқытудың осындай динамикалық цифрлық ортасында цифрлық технологияларды қолдану арқылы білім беруді тиімді жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіне жаңа талаптар енгізумен бірге, олардың цифрлық құзыреттілігін жоғары деңгейде қалыптастыруды қажет ететіні анық.

Біздің түсінігімізде, цифрлық құзыреттілік ақпараттық – коммуникация құралдарын меңгерудің жоғары, қажетті деңгейін анықтайды (интернет-кеңістікте кәсіби тұрғыда өз бетінше іс-әрекет ете алу, ақпараттық іздеуді жүзеге асыру, іріктеу және қажетті мәліметті сыни тұрғыдан бағалау, сонымен бірге ашық ақпараттық кеңістікте үздіксіз кәсіби дамудың жеке траекториясын құру қабілеттері).

Осы тұста айтып кететін жәйт, білім беру жүйесінің сапасы мұғалімнің кәсіби құзыреттілікке ие болатынына байланысты. Қазақстан Республикасындағы жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында бүгінгі күні «оқыту сапасын арттыру үшін цифрлық платформаларды, курстарды басқарудың онлайн жүйелерін, виртуалды сыныптар қолданумен сүйемелденеді» деп атап айтылған [2].

Біздің зерттеу мәселеміздің аясында қарастырсақ, цифрлық білім беру жағдайында магистранттардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру бұл жоғары білікті мамандарды дайындаудағы міндеттерді барынша толық орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, қазіргі таңдағы жағдайларды зерделеу нәтижелері жоғары білім берудің түрлендірілуінің тиімділігі мен нәтижесін арттырып, қажетті жұмыс бағыттары мен түрлерін анықтауда өзекті. Бұл мәселені шешу осы саладағы өзектілігі жоғары ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бағытын және де университеттер, академиялар мен институттар үшін болашақ мұғалімдерді даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамыту жолдарын анықтау үшін маңызды.

Негізгі ережелер. Магистранттардың цифрлық құзыреттілігі – цифрлық технологияларды пайдалану саласындағы әртүрлі мәселелерді шешу қабілеттері, яғни ақпаратты іздеу мен бөлісуді, сұрақтарға жауаптарды, басқа адамдармен өзара әрекеттесуді және компьютерлік бағдарламалауды қоса алғанда, цифрлық технологияларды пайдалана отырып мазмұнды пайдалану және жасау, цифрлық ынтымақтастық, қауіпсіздік және мәселелерді шешу қабілеті.

Магистранттардың цифрлық құзыреттілігінің құрылымы: білім, білік, дағдыны кіріктіретін, жалпы және нақты қажет ақпаратпен жұмыс жасауда цифрлық ресурстарды тиімді таңдау мен пайдалану қабілеті.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу тақырыбы бойынша қазақстандық және шетелдік педагогикалық-психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, нормативтік құжаттарды, интернет көздерін, ғылыми жарияланымдарды зерделеу және талдау; магистратура деңгейі бойынша заманауи цифрлық технологияларды пайдалана отырып, тәжірибесін және олардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың озық педагогикалық зерделеу; қарастырылып отырған мәселе бойынша теориялық материалдарды жалпылау және жүйелеу.

Нәтижелер және талқылау. Ең алдымен, зерттеудің негізгі «цифрлық құзыреттілік» ұғымының мәнін анықтап алу қажеттілігі туындайды. Ол үшін біз «құзыреттілік» терминінің мәнін ашуды жөн көрдік.

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткендей, құзыреттілік ұғымы латын тілінде «competens», нақты бір сала бойынша жанжақты хабардар болу, білгір деген мағынаны қамтып, белгілі бір проблема төңірегінде тиімді шешім шығара алу дегенді білдіреді. «Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында американдық ғалым Н.Хомский енгізген болатын, бастапқыда ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілет деген анықтама берді.

ХХ ғасырдың 90-жылдарының соңымен ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында құзыреттілік тәсіл адамның білімділігін сипаттаудың белгілі бір жүйелік тұжырымдамасы ретінде Батыс Еуропа мен АҚШ-тағы білім беру жүйелері модельдерінің, оның ішінде Болон процесінің ықпалымен дамыды. Егер батыстық білім беру тұжырымдамалық жүйесі үшін құзырет пен құзыреттілік тәсілдері табиғи негізделетін болса, онда білім мен мамандануды сипаттау бағытында басқа да ұғымдар жүйесін қолданатын білім беру дәстүрі үшін құзыреттілік тәсілін қолдану педагогиканың барлық категориялық жүйесін қайта қарау мәселесін көтерді. Сондықтан еліміздегі кәсіби білім беру жүйесінде құзыреттіліктердің бірыңғай шеңберінде болашақ мамандарды даярлауды жаңа бағытта зерттеп қарастыру өзекті мәселеле болып табылды.

«Цифрлық құзыреттілік» термині әлі де зерттелуде және зерттеуші ғалымдар адамның өмір сүру жағдайына байланысты алуан түрлі анықтамаларды енгізуде. Бұл ұғымға арналған зерттеулер Г.У.Солдатова, Н.П.Ячина, сонымен бірге шетелдік ғалымдар McClelland, Klemp, Boyatzis, Hornby and Thomas, Jacobs, Hogg, Ala-Mutka, Liisa Ilomäki, Anna Kantosalo, Minna Lakkala және т.б. еңбектерінде ашылған [3].

Г.У.Солдатованың пікірінше «Цифрлық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның өмірдің әртүрлі салаларында (ақпараттық орта, коммуникация, тұтыну, техносфера) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз таңдау және қолдану қабілеттілігін (білім, білік, мотивация, жауапкершілік) үздіксіз меңгеруге негізделген қабілет, сондай-ақ оның мұндай қызметке дайындығы» деп анықтама береді [4].

Н.П.Ячина өз зерттеуінде цифрлық құзыреттілік логикалық ойлаудың жоғары деңгейіне негізделген ақпаратты басқаруды меңгеру және цифрлық техниканы игерудің жоғары дамыған дағдылары екендігін атап көрсетеді [5].

Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, білім беру жүйесін цифрландыру, цифрлық технологиялар және олардың білім беру жүйесіне әсері, оқытуды ақпараттандыру, білім беруді цифрландырудың өзекті мәселелері мен болашағын біршама зерттеуші ғалымдар қарастырған.

«Цифрландыру» - «ақпараттандыру» ұғымының жалғасы. «Ақпараттандыру» ұғымының салыстырмалы түрде кең анықтамасын академик А.П.Ершов негіздеген. Ғалымның пікірінше «Ақпараттандыру –бұл адам қызметінің барлық әлеуметтік түрлерінде сенімді, жан-жақты уақытылы білімді толық пайдалануды қамтамасыздандыруға бағытталған іс –шаралар кешені» деп түсіндірген [6].

Е.Бидайбековтің көзқарасы бойынша «білімді цифрландыру» мен «білімді ақпараттандыру» терминдерін байланыстыра қарастырған жөн. Білімді ақпараттандыру – ақпаратты жинау,

сақтау, өңдеу, тарату технологиялары мен құралдарын қолдану арқылы оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсатына жету, осы бағыттағы адам қызметінің ғылыми-практикалық саласы» [7].

Жалпы зерттеулерге сүйеніп, білім беру саласындағы цифрлық дәуірге байланысты төмендегі ерекшеліктерге тоқталуға болады:

1. Білім беру кез-келген мемлекеттің ірі материалдық емес активі болып табылады, яғни оны қалыптастыру мен қаржыландыру барынша басқарылуы тиіс.

2. Желілік қоғамның цифрлық технологияларымен телекоммуникацияның дамуы адамның жеке даму процесін, білімді қалыптастыру, игеру және бекіту тәсілдерін өзгертеді. Сондықтан білім желілік қоғамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру керек, сонымен қатар желі болуы керек.

3. Цифрлық технологиялар трансұлттық және трансмәдениетті, жалпыға қол жетімді және салыстырмалы түрде арзан, бұл кез-келген білім беруді жалпыға қол жетімді етеді.

4. Білім берудегі инновациялардың басым бөлігі бүгінде білім беру технологиялық стартап арқылы жүзеге асырылуда. Білім берудің бейресми жүйесінің нәтижесінде білім беру қызметтерін көрсетудің жылдам өсіп келе жатқан нарығы туындайды, ол қысқа мерзімде дәстүрлі білім беру жүйесін қолдану аясын тарылтады және тұтынушылардың қалыптасқан және тез өзгертін сұраныстары мен қажеттіліктеріне жауап беретін жаңа білім беру стандарттарын құруға алып келеді.

5. Өтпелі экономиканың даму серпіні, технологиялармен жылдам алмасу жаңа құзіреттер мен даярлықты талап етеді [8].

Кәсіптік білім берудегі цифрландыру отандық және жаһандық ақпараттық және цифрлық ресурстарға қолжетімділікті, сонымен бірге оқу процесінде цифрлық технологияларды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз етуді білдіреді [9].

Н.С.Гриценко педагогтардың цифрлық құзыреттілігін зерттей отырып, оның төмендегідей құрылымын анықтайды:

– құндылық-мотивациялық компонент кәсіптік оқытудың мотивтерін, мақсаттарын, қажет-тіліктерін жетілдіруді, өзін-өзі тәрбиелеуді, өзін-өзі дамытуды, кәсіби қызметте өзектендірудің құндылық көзқарастарын қамтиды, кәсіби қызметте тұлғаның шығармашылық көрінісін ынталандырады:

– когнитивтік компонент ақпаратты өңдеу және ақпараттық объектілермен жұмыс істеу дағдыларын еркін меңгеруін, сәйкесінше кәсіби білім мен біліктілігін жетілдіру, пәнаралық байланыстарды білу дағдыларын қамтамасыз етеді, даму деңгейі пәндік саладағы білімінің толықтығымен, тереңдігімен, жүйелілігімен анықталады;

– іс-әрекеттік компонент өзін-өзі жетілдіру мен шығармашылықты тану және дамыту құралы ретінде кәсіби қызметте ақпараттық технологиялар мен компьютерді белсенді қолдануын сипаттайды;

– коммуникативтік компоненті тұлғааралық қатынастарды орнату, әртүрлі жағдайларда қарым-қатынастың оңтайлы стилін таңдау, ауызша және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын игеру қабілетінен көрінеді;

– рефлексивтік компонент өзіне және әлемге, оның практикалық қызметіне және оны жүзеге асыруға қатынасымен анықталады [10].

Төменде 1 –суретте Педагог – психологтардың АКТ құзыреттілігінің құрылымы ұсынылады:

1) Мотивациялық құндылық компоненті - тұлғаның АКТ-ны қолданудағы белсенділігі мен қажеттілігі, АКТ қолдану саласындағы білімді түсіну және дағдыларды меңгеру қажеттілігі. Бұл компонент АКТ қолдану саласында оқу мотивациясының болуымен, Интернеттегі мінез-құлық ережелерімен және қауіпсіздікпен байланысты мәселелерді анықтаумен және бақылаумен сипатталады.

2) Жалпықоғамдық компонент - заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс істеуге арналған білім, білік және жеке көзқарастарды сипаттайды; цифрлық ресурстарды, мәліметтер

қорын, жергілікті және ғаламдық компьютерлік желілерді пайдалану; білім беру ұйымының білім беру ақпараттық ортасындағы өзара іс-қимыл; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және медициналық-санитарлық нормалар мен ережелерді сақтау және т.б.; стандартты АКТ жабдықтарын пайдалану; сандық білім беру ресурстарын талдау және бағалау.


3) Жалпыпедагогикалық компонент - оқу іс-әрекетін жоспарлау мен ұйымдастыруға сәйкес білім беру ақпараттық ортада педагогикалық іс-әрекетке дайындық және оны осы ортада үнемі көрсету; ақпараттық-білім беру ортасында сөз сөйлеуді, пікірталастарды, консультацияларды, топтық іс-шараларды дайындау және өткізу; білім алушыларды бірлескен зерттеулерге және мәселелерді шешуге тарту үшін онлайн материалдар мен тапсырмаларды әзірлеу.

4) Пәндік – педагогикалық компонент –АКТ құралдарын пайдалана отырып, кәсіби педагогикалық қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтердің қалыптасқан білімдерін, дағдыларын және жеке көзқарастарын кеңейту және тереңдету; сәйкес технологияларды, соның ішінде мобильді құрылғыларды анықтау және оларды оқу мақсаттарына жету үшін пайдалану; жобалық оқытуда АКТ қолдану; білім алушылардың жоғары деңгейдегі ойлау қабілетін дамыту үшін белгілі бір пәндік салаларға бағытталған бағдарламалық құралдарды пайдалану [11].



Сурет 1- АКТ қызыреттілігінің құрылымы [11].

Сонымен қатар, әдебиеттер талдауы көрсеткендей, қазіргі жағдайда мұғалімнің цифрлық кәсіби қызыреттілігінің келесідей компоненттері анықталған, сурет -2:



Сурет 2- Цифрлық кәсіби қызыреттілік компоненті

Мотивациялық-тұлғалық компоненті болашақ мұғалімнің цифрлық технологияларды пайдалануға деген қызығушылығымен, осы салада өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысымен,

стандартты емес мәселелерді шешуде жетістікке жетуге деген ішкі ұмтылысты қалыптастырумен сипатталады.

Когнитивтік компонент. Болашақ мұғалімнің цифрлық оқыту құралдарын пайдалана отырып, педагогикалық процесті тиімді құруға арналған теориялық білімдерінің, біліктері мен дағдыларының жиынтығын түсінеміз. «Цифрлық ұрпақтың» ерекшеліктері мен оларды оқытумен тәрбиелеу тәсілдерін білуді қамтиды.

Іс-әрекеттік компоненті болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық білімін, оның интеллектуалдық, танымдық, техникалық, конструкторлық және технологиялық дағдыларын, білім беру процесіне цифрлық технологияларды тиімді енгізу үшін қажетті дағдыларын практикалық іске асыруға мүмкіндік береді.

Рефлексивті-бағалау компоненті орындалатын әс-әрекетті талдау және өзіндік талдау, мақсаттарды, әдістер мен алынған нәтижелерді үйлестіру, олардың қызмет стилін білу, оларды шығармашылық өзгертуге дайын болуды білдіреді. Бұл компоненттер мұғалімге өзінің кәсіби қызметін тиімді жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттерді сипаттайды [12].

Цифрлық құзыреттілік кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің ерекшеліктерін ескеретін компоненттермен, оның ішінде, тұлғалық-мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік, рефлексиялық-бағалаушылықпен тығыз байланысты.

Аталмыш мәселені зерттеуші ғалымдар магистранттардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың келесідей компоненттері, деңгейлері мен көрсеткіштері анықтаған:

- *Тұлғалық-мотивациялық. Базалық:* Ақпараттық технологиялар туралы үстірт түсініктер және оларды кәсіби қызметте қолдану мүмкіндіктері. Педагогикалық қызметте цифрлық технологияларды интеграциялауға деген мотивацияның болмауы. Цифрлық технологияларды меңгеруге деген қызығушылықтың болмауы.

Универсалды: Ақпараттық технологиялар туралы ішінара түсініктердің болуы және оларды кәсіби қызметте қолдану мүмкіндіктері. Цифрлық технологияларды педагогикалық қызметте интеграциялауға ішінара ынталандыру. Цифрлық технологияларды игеруге деген қызығушылық пен қажеттіліктің төмен болуы.

Арнайы: Ақпараттық технологиялар туралы терең түсініктер және оларды кәсіби қызметте қолдану мүмкіндіктері. Педагогикалық қызметте цифрлық технологияларды интеграциялауға мотивацияның жоғары деңгейі. Кәсіби қызметте цифрлық технологияларды пайдалану кезінде үлкен нәтижелерге қол жеткізу.

Танымдық. Базалық: цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері туралы жалпы түсініктері бар, алайда білім беру ортасында білім беру платформаларының қандай да бір нақты түрінің бар екендігі туралы хабарсыз.

Универсалды: Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктері туралы білімі бар, білім беру ортасындағы платформалар, олардың құрылымы жайында хабардар.

Арнайы: Жоғары деңгейдегі цифрлық технологиялар туралы білімі бар, әр түрлі білім беру платформаларын, олардың ерекшеліктерін біледі және пайдалана алады.

Іс-әрекеттік. Базалық: Әр түрлі электрондық құрылғылардың көмегімен қажетті ақпаратты іздеуді жүзеге асырады.

Универсалды: Әртүрлі электрондық ресурстардан ақпарат алу мүмкіндігіне ие.

Арнайы: Бағдарламалардың көмегімен ақпаратты әртүрлі формада ұсына алады.

Рефлексиялық-бағалаушылық. Базалық: Цифрлық саладағы өзінің күшті және әлсіз жақтарына талдау жасай алады.

Универсалды: Жеке кәсіби мақсатқа жету жолындағы ақпараттық технологияларға қатысты мүмкіндіктерімен кедергілерді, өсу бағдарламасын анықтап, талдайды.

Арнайы: Құрылымдаушы дағдыларға ие, сандық дағдыларды жетілдіруге ықпал ететін әртүрлі іс-шараларға қатысады [13].

Келесі 1 – кестеде ғалым зерттеушілер еңбектеріне жасалған талдау негізінде әзірленген «цифрлық құзыреттілік» ұғымының контент талдауын ұсынамыз. Назар аударатын жәйт,

«цифрлық құзыреттілік» ұғымы соңғы кездері ғылыми айналымға енген және осы кезге дейін ғалымдар ақпараттандыру жағдайында «ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік» терминін ғылыми айналымда пайдаланған.

Кесте -1 Ғалымдардың зерттеулеріндегі «цифрлық құзыреттілік» ұғымының контент – талдауы (2007-2023жж.)


№	Авторы	Анықтамасы	Әдебиеттер
1	Бурмакина В.Ф. Зелман М. Фалина И.Н.	АКТ құзыреттілік – білім алушылардың оқу және басқа қызметте туындайтын мәселелерді шешу үшін АКТ сауаттылығының барлық құрамдас дағдыларын сенімді меңгеруін білдіреді, бұл ретте жалпыланған танымдық, этикалық және техникалық дағдыларды қалыптастыруға баса назар аударылады.	«Информационно-коммуникационно-технологическая компетентность»// Әдістемелік нұсқаулық, Москва, 2007.
2	Ивановская М.Н.	ақпараттық–коммуникациялық құзыреттілік-ақпараттық жүйелерді пайдалану саласындағы және коммуникациялық технологиялар, оның негізгі компоненттері маманның жеке қабілеттері мен қасиеттері болып табылады.	«Информационно-коммуникационная компетенция как условие профессионального становления личности» // Журнал МИР науки, культуры, образования. № 6 (31) 2011.
3	Самбиева Л.И. Ярычев Н.У.	АКТ құзыреттілігі - бұл әртүрлі ақпараттық құралдарды (дербес компьютер, бағдарламалық өнімдердің функциялары мен мүмкіндіктері, жергілікті және ғаламдық компьютерлік желілердің мүмкіндіктері) пайдалану ғана емес, сонымен қатар оларды педагогикалық қызметте тиімді қолдану.	«Совершенствование ИКТ – компетентности учителя с использованием технологии Бенчмаркинга» // Журнал «Фундаментальные исследования». -2013, №11. – С. 1240-1244.
4	Солдатова Г.У.	цифрлық құзыреттілік – тұлғаның әртүрлі өмірлік іс-әрекеттерінде (ақпараттық орта, қарым-қатынас, тұтыну, техносфера) АКТ-ны үздіксіз меңгеруіне негізделген құзыреттіліктерді (білім, дағды, уәждеме, жауапкершілік) сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз таңдаумен қатар қолдана білу қабілеті және өзінің осындай әрекетке дайындығы.	«Психологические модели цифровой компетентности российских подростков и родителей» // Национальный 142 психологический журнал. –2014. №2 (14). С. 27-35.
5	Гайсина С.В.	цифрлық құзыреттілік – цифрлық ресурстарды (мәтін, графикалық аудио және видео) пайдалана отырып, жаңа ақпараттық нысандарды құра алатын шығармашылық қабілет.	Информационно-методические материалы «Технологии оценки и повышения цифровой компетентности обучающихся ПОУ» ДПО СПб АППО. Санкт-Петербург, 2018.
6	Анищенко А.Н. Левина Е.В.	цифрлық құзыреттілік-бұл цифрлық технологиялар мен жүйелерді түсіну және пайдалану ғана емес, сонымен қатар оларды шығармашылық, сыни және көмексіз пайдалануға сенімділік.	«Цифровая компетентность как основа конкурентно способности работника на рынке труда агропромышленного комплекса в условиях киберэкономики» // Экономика и социум: современные модели развития. – 2020. – Том 10. – № 3. – С. 233–246.
7	Рахимжанова Л.Б. Аджан С.З.	АКТ құзыреттілік – мұғалімнің педагогикалық процесте АКТ-ны қолдану саласындағы дайындықтың нақты деңгейін көрсететін, оның кәсіби қызметінде АКТ-ны өз бетінше пайдалануға дайындығы мен қабілетінен көрінетін мұғалімнің интегративті кәсіби-тұлғалық қасиеті.	«Қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімнің цифрлық құзыреттілік деңгейін арттыру» // Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы журналы, «Физика-математика ылымдары» сериясы, №4 (80), 2022ж.
8	Елубай Е.	цифрлық құзыреттілік – цифрлық оқыту кеңістігін, мазмұнын, өзара әрекеттесуді құру мен ұйымдастыруды, электрондық ресурс-	«Жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтың цифрлық құзыреттілігін қалып-

	тарды, құрылғыларды тиімді қолдану мен басқаруды қамтамасыз ететін тұлғаның сапасы мен ақпараттық технологиялық, басқарушылық білім, білік, дағдылардың кіріктірілген жиынтығы.	тастыру». Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы, 2023, - 166 б., Б.37
--	---	---

Жоғарыда кестеде қарастырылған ақпаратты түйіндей келе, «цифрлық құзыреттілік» ұғымының мәнін ғалымдар келесідей анықтағанын байқадық:

- білім, білік, дағдылардың кіріктірілген жиынтығы;
- интегративті кәсіби-тұлғалық қасиет;
- цифрлық технологияларды пайдалануға сенімділік;
- шығармашылық қабілет;
- цифрлық ресурстарды пайдалануға даярлық.

Сонымен, біздің ойымызша, магистранттардың цифрлық құзыреттілігі дегеніміз цифрлық технологияларды пайдалану саласындағы әртүрлі мәселелерді шешу қабілеттері деп түйіндесек болады, яғни ақпаратты іздеу мен бөлісуді, сұрақтарға жауаптарды, басқа адамдармен өзара әрекеттесуді және компьютерлік бағдарламалауды қоса алғанда, цифрлық технологияларды пайдалана отырып мазмұнды пайдалану және жасау. Цифрлық құзыреттілік цифрлық ынтымақтастық, қауіпсіздік және мәселелерді шешу қабілетін қамтиды. Сонымен қатар, цифрлық құзыреттілік өз құрылымында білім, білік, дағдыны кіріктіретін, жалпы және нақты қажет ақпаратпен жұмыс жасауда цифрлық ресурстарды тиімді таңдау мен пайдалану қабілеті құрайтыны анықталды (сурет- 3).



Сурет- 3 Магистранттардың цифрлық құзыреттілігінің құрылымы

Қорытынды. Қорытындылай келе айтарымыз, қазіргі таңда цифрландырудың мүмкіндіктерімен әлем бейнесі өзгеріске ұшырап, адамзат өмірінің барлық салалары жаңаруда, педагогикалық маманның рөлі мен мүмкіндіктерін өзгертетін жаңа қызмет түрлері, заманауи ақпараттық технологиялар пайда болатындығын мойындауға мәжбүр. Білім берудің қарқынды цифрлануымен оқытудың жаңаша түрлерінің пайда болуына байланысты білім беру теориялары мен әдіс-тәсілдеріне көптеген жаңалықтар енді, магистрант үшін жаңа құзыреттіліктерді меңгеру қажеттілігі арта түсті.

Технология күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып отырған қазіргі заманда цифрлық технологияларды білім беру процесіне біріктіру оқу сапасын жақсарту және білім-алушылардың белсенділігін арттыру үшін үлкен мүмкіндік қана емес, сонымен қатар жаңа жағдайларға бейімделу қажеттілігіне байланысты біршама қиындық тудырады. Магистранттардың цифрлық құзыреттілігі тек техникалық дағдыларды игерумен шектелмейді. Бұл олардың ақпаратты дұрыс басқаруы, цифрлық құралдарды тиімді пайдалануы және жаңа технологияларға бейімделуі арқылы өз саласында бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етеді. Магистранттардың цифрлық құзыреттілігі білім беру және ғылыми-зерттеу үдерістерінде, кәсіби ортада бәсекеге қабілетті болу үшін маңызды. Ол заманауи еңбек нарығында қажетті дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Цифрлық құзыреттілік – бұл заман талабына сай білім беру және ғылыми-зерттеу үдерістерін тиімді жүргізуге мүмкіндік беретін маңызды дағдылар жиынтығы. Сонымен бірге цифрлық құзыреттілік - бұл білім алушылардың цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды меңгеруге және цифрлық ортада кәсіби қызметті жүзеге асыруға қажетті білім, дағдылар мен құндылықтар жүйесі. Соңғы кезеңдерде білім беру мекемелерінде әртүрлі ресурстарды, ақпараттық платформаларды, сонымен бірге автоматтандырылған ақпараттық жүйені пайдаланудың арқасында оқыту үдерісінің біршама дамуы байқалады.

Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалана отырып, магистранттардың цифрлық құзыреттілігін дамыту теориялық және тәжірибелік тұрғыдан нақты тұжырымдау мен зерттеулерді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2024 жылғы 2 қыркүйек. <https://www.akorda.kz>
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурызда, №248 бекітілген // <https://online.zakon.kz/Document/?>. 17.04.2023.
3. Елубай Е. Жаппай ашық онлайн курстары арқылы болашақ педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру. PhD дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2023. – 166 б.
4. Солдатова Г.У., Шляпников В.Н. Цифровая компетентность российских педагогов // Психологическая наука и образование. 2015. Т. 20, № 4. С. 5-18.
5. Ячина Н.П. Развитие цифровой компетентности будущего педагога в образовательном пространстве ВУЗа. Вестник ВГУ. Серия «Проблемы высшего образования». №1, 2018.
6. Еришов А.П. Информатизация: от компьютерной грамотности учащихся к информационной культуре общества // Коммунист. / М., – 1988, №2.
7. Бидайбеков Е. Білімді цифрландыру – уақыт талабы. «Егемен Қазақстан» газеті. – Алматы, 2023.
8. Битэм Э., Шарп Р. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны [Мәтін] / ауд. Омарова С.К. «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – Алматы, 2019. – 328 б.
9. Гончарук Н.П. Интеграция педагогических и информационных технологий в образовательном процессе / Н.П. Гончарук, Е.И. Хромова // Казанский педагогический журнал. – 2018. – №4. – С. 32–37.
10. Шолтанқұлова Г.К., Ермакова М. Болашақ педагог-психологтардың цифрлық құзыреттілігінің құрылымы және мазмұны // Абай атындағы ҚҰПУ. Хабаршы «Педагогикалық ғылымдар сериясы» сериясы №1 (77) 2023.
11. Байменова Б.С., Габдуллина К.М. Цифрлық білім беру ортасында болашақ педагог-психологтардың даярлау ерекшелігі // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. – №4 (141) – 2022.
12. Шекербекова Ш.Т., Бақытбекова Ж.Б. Цифрлық құзыреттілік информатика мұғалімінің кәсіби дағдыларының бірі ретінде. Абай атындағы ҚҰПУ. Хабаршы «Физика –математика ғылымдары» сериясы №4 (84) 2023.
13. Спиридонова Ю.С. «Понятие и структура цифровой компетентности будущих педагогов». Журнал «Проблемы современного педагогического образования». – 2023.

References:

- 1.«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» atty Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqayevtyñ Qazaqstan halkyna Zholdaуy. 2024 zhylғы 2 qyrkyjek. <https://www.akorda.kz>

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: 2023 жылдың 28 наурызда, №248 бекітілген // <https://online.zakon.kz/Document/?>. 17.04.2023.
3. Elubaj E. Zhappaj ashıyq onlajn kurstary arqıly bolashaq pedagogtiń cıfrlyq qızıyrettiligin qalıptastyru. PhD dárezhesin alu yshin dajyndalzan diss. – Almaty, 2023. – 166 b.
4. Soldatova G.U., Shlyapnikov V.N. Cifrovaya kompetentnost' rossijskih pedagogov // Psihologicheskaya nauka i obrazovanie. 2015. T. 20, № 4. C. 5-18.
5. Yachina N.P. Razvitie cifrovoj kompetentnosti budushchego pedagoga v obrazovatel'nom prostranstve VUZA. Vestnik VGU. Seriya «Problemy vysshego obrazovaniya». №1, 2018.
6. Ershov A.P. Informatizaciya: ot komp'yuternoj gramotnosti uchashchihsya k informacionnoj kul'ture obshchestva// Kommunist. / M., – 1988, №2.
7. Bidajbekov E. Bilimdi cıfrlandyru – uaqyt talaby. «Egemen Qazaqstan» gazetı. – Almaty, 2023.
8. Bitem E., Sharp R. Pedagogikany cıfrlyq dıurde qajta zerdeleu. HHI zasyrdaıy oqytu dizajny [Mätin] / aud. Omarova S.K. «Yltıyq audarma byurosı» qozamdyq qory. – Almaty, 2019. – 328 b.
9. Goncharuk N.P. Integraciya pedagogicheskikh i informacionnyh tekhnologij v obrazovatel'nom processe / N.P. Goncharuk, E.I. Hromova // Kazanskij pedagogicheskij zhurnal. – 2018. – №4. – S. 32–37.
10. Sholpanqılova G.K., Ermekova M. Bolashaq pedagog-psihologtardıń cıfrlyq qızıyrettiliginıń qırlymy zhane mazmıny // Abaj atynday QYPU. Habarshy «Pedagogikalıq ılymdar seriyasy» seriyasy №1 (77) 2023.
11. Bajmenova B.S., Gabdullina K.M. Cıfrlyq bilim beru ortasynda bolashaq pedagog-psihologtardıń dayarlau ereksheıigi // L.N.Gumilev atynday Euraziya yltıyq universitetiniń Habarshysy. Pedagogika.Psihologiya.Әleumettanu seriyasy. – №4 (141) – 2022.
12. Shekerbekova Sh.T., Baqytbekova Zh.B. Cıfrlyq qızıyrettilik informatika mızaliminiń kәsibi dazdylarynyń biri retinde. Abaj atynday QYPU. Habarshy «Fizika –matematika ılymdary» seriyasy №4 (84) 2023.
13. Spiridonova Yu.S. «Ponyatie i struktura cifrovoj kompetentnosti budushchih pedagogov». Zhurnal «Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya». – 2023.

МРНТИ 14.35.01

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.023>

К.М.Метербаева, *¹  А.Т.Искакова, ²  Г.З.Таубаева, ²  А.М.Байкулова¹ 

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Бұл мақала мазмұнында студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыру дағы педагогикалық мәселелер туралы қарастырылады. Зерттеу сипатында студенттер арасында отбасылық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі субъективті идеяларын жүзеге асыруға болатын жәйттар көрсетіліп, студенттердің отбасылық құндылықтарын қалыптастыру бойынша оқу-әдістемелік теориялық зерттеулер мен эксперименттік жұмыс жүргізіліп оның нақты нәтижелері сипатталады. Отбасылық құндылықтар, олардың түрлерінің маңыздылығы қарастырылады. Студенттердің адамгершілік сана-сезімін арттыру, отбасы құндылық ретінде түсіну, отбасылық қарым-қатынас, жанұядағы жанжалдарды бақылау, отбасында шешім қабылдауға белсенді қатысу үшін әдістер қолданылды. Теориялық тұрғыдан мазмұнды талдау, синтез, жинақтау, тексеру, диагностика және т.б. Жоғарыда айтылғандардың негізінде М. Рокичтің «Құндылықты бағдарлау» әдістемесін қолданудың тиімділігі көрсетіледі. Сонымен бірге, отбасылық құндылықтарды қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде ұйымдастырылған экспериментте отбасылық құндылықтардың қалыптасуының пайыздық көрсеткішін ұсынып отырмыз. Сонымен қатар, қазіргі қоғамдағы отбасылық құндылықтардың өзгеру тенденциялары анықталды.

Түйін сөздер: құндылықтар, отбасылық құндылықтар, мәдени қарым-қатынас, даралық, типология, әлеуметтік-мәдени.